# СОҢҒЫ МОДЕЛЬ – БАҒАСЫ БҰРЫНҒЫ



ЖАҚСЫЛЫҚ КӨРСЕМ ӨЗІМНЕН
ЖАМАНДЫҚ КӨРСЕМ ӨЗІМНЕН

КІМ БОЛАСЫҢ, ҚАЛАЙ ӨМІР СҮРЕСІҢ, ОЛ ӨЗІҢНІҢ ҮЛЕСІҢ!

ӨЗІМДІ ДАМЫТАМЫН-ЕЛІМДІ ДАМЫТАМЫН

# БИЗНЕС ДЕГЕН НЕ?

ДҰРЫС НӘРСЕНІ ДҰРЫС ЖАСАУ

# АРМА
# Н

## МАҚСАТ

# АРМАН (МЕЧТА)

- **Бизнес мектеп**
- Қазақстанда шағын және орта бизнестің дамуына үлес қосу. Кемінде 100 000 Қазақты ояту, үміт отын жағу,  болашағына сенім силау.

- **Бал қымыз**
- Қазақстанда қымызды №1 сусын етіп бағалату!

- **Продюссерлік орталық**
- Дәстүрлі, этно музыканы Қазақстанда өз деңгейінде бағалатуды бастау

- **Қайырымдылық**
- Қайырымдылық қорын ашып,  мүгедек жандарға нақты көмек көрсете бастау.

# МАҚСАТ (ЦЕЛЬ)

**Бизнес мектеп**

- Бизнес бастауды Қазақстандағы №1 бизнес мектеп қылып қалыптастыру. Тегін мастер класстар, Ерік жігер сабақтарын өткізу, Қазақстанның басқа қалаларын аралау.
- Кемінде 10 000 кәсіпкер оқытып шығару. Бизнес Бастаудың командасын халықаралық деңгейдегі мамандармен толықтыру.

**Бал қымыз**

- Қазақстанның 10 қаласында франшиза арқылы шағын қымыз цехтарын ашу
- Жылына Алматыда 500 тонна қымыз өндіріп сату

**Продюссерлік орталық**

- Дәстүрлі ән мен күй орындайтын этно тобын құрып, Қазақстанға танымал қылу, шет елдерге гастрольдерге шығару

**Қайырымдылық**

- ДЦП диагнозы қойылған мүгедек жандарға көмек көрсететін қайырымдылық қорын ашып, жұмысын жолға қою

# ЖОСПАР

**Бизнес мектеп**

- Бизнес жайлы білімімді толықтыру
- Командама мықты мамандар жинау
- Мықты компаниялармен серіктесе жұмыс жасау

**Бал қымыз**

- Командама мықты мамандар жинау
- Жарнаманы күшейту

**Продюссерлік орталық**

- «Бабалар сазы» оркестрін қайта жандандыру, репертуарын бекітіп, аспаптарын түгендеп, костюмдерін тіккізіп дайындау
- Дискілерін шығарып, презентациясын жасау. Концерттер ұйымдастыру

# ТАҢЕРТЕҢ

Бүгінгі күн тамаша

Бүгін нұрлы бар маң

Бүгін тағы жақында

Мақсат пенен Арман

# ЖАТАРДА

- Қалтарыс, бұлтарысы мың сан қабат
Қызық өмір, ақырын тұрсаң қарап.
Біреулердің еңбегі еш, тұзы сор боп
Біреулердің бақыты жүр сорғалап.
Қызық өмір, кім білсін, сонысымен,
Аласы мен құласы, торысымен.
Тағдыр түрлі болғанмен өмір біреу
Ұнатамын өмірді сол үшін мен.
Ұнайды өмір ынтымақ, күресімен,
Құр қалмайды ешкім де үлесінен.
Өліп-талып жеткенде бақытына,
Шорт үзіліп, кей тағдыр түгесілген.
Өміріме өзімнің таңданамын,
Қалмайын деп қатардан қарманамын.
**Бүгінімді өткізсем қиындықпен,
Ертеңіме үмітпен алданамын.**

# КҮНДІЗ

- **Шыда, шыда**
  **Шыдай түс, шыда тағы**
  **Шыдамдыны мына өмір ұнатады**
  **Үміттің Құлан иек құла таңы,**
  **Әйтеуір бір атады, бір атады...**
  **Өкінбе, өкпелеме, бүгініңе,**
  **Өмір, өмір!**
  **Болмайды түңілуге,**
  **Мәңгі сені жазбаған сүрінуге,**
  **Қайта тұрып, қақың бар жүгіруге**
  **Түсінемін жаныңның ауырғанын,**
  **Шыдадың ғой, шыдай түс, дамылдағын.**
  **Иогтардың тәсілін қабылдағын,**
  **Басқасына бас ұрып, табынбағын.**
  **Шыда, шыда!**
  **Шыдай түс, тағы шыда!**
  **Тау құлатқан тасқынның ағысына,**
  **Кір жуытпай, кіршіксіз намысыңа,**
  **Қарысуға болады, алысуға...**

# КҮНДЕЛІКТІ

- “Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Әуелі — надандық, екінші — еріншектік, үшінші — залымдық. Надандық — білім, ғылымның жоқтығы. Дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Еріншектік — күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. **Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік — бәрі осыдан шығады.**

# ЖАЛҚАУЛЫҚ басқанда

- Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз, надан, арсыз келеді...» әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

# КҮНДЕЛІКТІ

- Әрбір еңбекқор кісі батыл, қайратты тартады; әрбір қайратты батыл қарапайым келеді; әрбір қарапайым батыл ақылды, білімді, арлы келеді; әрбір арлы еңбекқордан ешкімге тәуелсіз, өнерлі, көп жандарға пайдасы бар жандар шығады..

# ЖАЛҚАУЛЫҚ басқанда

- Жалқаулығы басым адамның рухы сынғыш келеді. Еріншек адам пайдалы іске қол сілтегіш келеді.
- Ақыл иесі адам үшін мұндай деңгейге түсу хайуандық деңгейге түсумен бірдей.
- Жалқаулық – жақсылық атаулыдан мақрұм қалу мен сәтсіздіктің басты себебі. **Жалқау адам игілік пен қадір-құрметке жете алмайды және дүние пайдасынан да құр қалады.**

# КҮНДЕЛІКТІ

- Кім боласың,
  Қандай өмір сүресің,
  Ол — өзіңнің үлесің.

  Ақылымды тында, мейлің, тындама,
  Тілегім бар бір ғана:
  Шығып ал да арманыңның шыңына,
  Сосын, мейлі, ұшып өл де, сырғана.

  Болса ақылың біл мынаны: жалғанда,
  Жолай көрме арманы жоқ жандарға!
  Арманда, ұлым, арманда!
  Арманда, ұлым, ақтық демің қалғанда!

  Бүкіл өмір, бүкіл дүние, бар жалған,
  Жадыңда ұста: жаратылған арманнан!
  **Өмірінің аяғы жоқ, басы жоқ,**
  **Өлген артық армансыз боп қалғаннан.**

  Айтқанымды жөн де, мейлі, жөн деме,
  Арманда, ұлым, қия деме, өр деме.
  Шығып ал да арманыңның шыңына,
  Қира мейлің, күйре мейлің, дөңгеле.
-

# КҮНДЕЛІКТІ

- **- Ал енді мен ақыл айтам,**
**Ақыл айтам, таңданба.**
**Қорлық үшін келген жоқсың мына өмірге,**
**Жалғанға.**
**Мына өмірде, жүрегіңде,**
**Бойыңда ыстық қан барда.**
**Болмысты да, болмасты да,**
**Болады деп арманда!**
**Ал енді мен ақыл айтам,**
**Ақыл айтам таңданба!**
**Мәзіріңе, әзіріңе әулекі боп,**
**Алданба!**
**Шығатұғын күндерге де,**
**Ататұғын таңдарға,**
**Үмітпенен қарағайсың, жүрегіңде жан барда.**
**Өтер кетер, өтер кетер...**
**Дейміз ғой біз мұңайып.**
**Дейміз-дағы, жамаймыз кеп, бір айыпқа**
**Бір айып.**
**Отандастар, ойлайықшы, ойымызға лайық,**
**Құласақ та, тек биіктен,**
**Құзға барып құлайық!**
**Бықсып жанған қоламта емес,**
**Артымызда шоқ қалсын.**

# САПАЛЫ ҚАЗАҚ ӘН ҰРАНЫ

- Ол оянды, мен ояндым сен де оян
- Ел иесі, жер иесі мен болам
- Бар болуға, бай болуға тиіспін
- Қазақ деген атыма мен сай болам

- Ұлы далам, ұлы мекен
- Еркін жүріп, еркін өсем
- Егеменді елімді мен
- Болашаққа табыс етем

# САПАЛЫ ҚАЗАҚ ӘН ҰРАНЫ

- Білімді ел, бірлікті ел, баталы ел
- Еңбекқор ел, табысты ел, саналы ел
- Өзгеретін кезің келді замандас
- Біздің ұрпақ болады енді сапалы ел

- Ұлы далам, ұлы мекен
- Еркін жүріп, еркін өсем
- Егеменді елімді мен
- Болашаққа табыс етем

- Ол оянды, мен ояндым сен де оян
- Ата бабам даңқына мен сай болам
- Өзім үшін, елім үшін аянбан
- Батаңды бер ата бабам қол жаям

# АДАМ ЖАСАҒАНДЫ АДАМ ЖАСАЙДЫ



# МАҚСАТ +ЖОСПАР

- НАҚТЫ СОМА
- БЕЛГІЛІ УАҚЫТ
- ЖЕТЕ АЛАТЫН
- ЖОСПАР (ІС АМАЛДАР, СТРАТЕГИЯ+ТАКТИКА)
- СӨЗДІҢ ҚҰНЫ

**ТАНЫСУ МЕН ТОПҚА БӨЛІНУ. ОН БАСЫН САЙЛАУ- САРДАР САЙЛАУ**

# МАҚСАТ- Е-Ж-Т


Ақылды
GPS сағат
Т
1 000 000тг
400 000тг
Ж
Е
0 тг
Сөздік құнымыз
40 000 тг

# 10 БАСЫ

## ТАЛАП

1. Ұйымдастыру қабілеті бар
2. Кәсіпкер (уақыты бар)
3. Компьютерді жақсы меңгерген

# 10 БАСЫ

## МІНДЕТІ

1. ӨЗ ЖАСАҒЫНЫҢ ҮЙ ЖҰМЫСЫН ЖАСАТУ. БӘРІМІЗ БІРІМІЗ-БІРІМІЗ БӘРІМІЗ ҮШІН!
2. ЖЕТЕКШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

## МОТИВАЦИЯ

1. ЖЕКЕ КЕҢЕС АЛУ.
2. ҚОСЫМША САБАҚТАР

# САЛА ТАҢДАУ –ҚЫЗМЕТ, ӨНДІРІС

**1. БІЛІКТІЛІК+ПАЙДАСЫ**

- НЕ БІЛЕСІҢ?
- КІМГЕ ПАЙДАҢ ТИДІ?
- СЕРІКТЕС ІЗДЕУ (Ф/Л)
- 20 САЛА МЕН ТАРМАҚТАРЫ
- ББ ЧЕК ЛИСТІ 20-10=10
- ТОП ЧЕК ЛИСТІ (ФОКУС ГРУППА) 10-5=5

**2. СҰРАНЫС**

OILX.САТУ.КЗ. ТЕГІН АЛАНДАР- 150

**3. БӘСЕКЕ**

OILX.САТУ.КЗ. ТЕГІН АЛАНДАР- 150 АЛАҢ

# САЛА ТАҢДАУ –САУДА

- **БІЛІКТІЛІК+ПАЙДАСЫ**
- НЕ БІЛЕСІҢ
- ФИЗИК СЕРІКТЕС не ДИНОЗАВР
- 20 ЗАТ (АЛИ ЭКСПРЕСС. OILX.САТУ.КЗ .ВК. ИНСТ. ГУГЛ
- ББ ЧЕК ЛИСТІ 20-10=10
- ТОП ЧЕК ЛИСТІ (ФОКУС ГРУППА) 10-5=5

**2. СҰРАНЫС**

OILX.САТУ.КЗ. ТЕГІН АЛАҢДАР- 150

**3. БӘСЕКЕ**

OILX.САТУ.КЗ

# САЛА ТЕКСЕРУ КЕСТЕСІ (ЧЕК ЛИСТ) ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ (УСЛУГИ)

| Қызмет көрсетуде табысты саланы тексеру парағы | |
|---|---|
| Критерии: Егер сұраққа ие деп жауап берсеңіз, сол жақтағы бағанаға оң жақтағы бағанадағы балды көшіріп жазыңыз | Сынаққа беретін |
| Орташа чек 5 000- 30 000 болады ма? | 5 |
| Үстеме баға 100% және одан да жоғары ма? | 5 |
| Сіздің қызметіңізді қайта- қайта тұтынады ма? ? | 3 |
| Қызметіңіз осы кезге дейін сіз шығайын деп отырған нарықта жоқ па? | 5 |
| Қызметіңізді он лайн жарнамалауға қолайлы ма? Елдер он лайн ғаламтор арқылы көретініне сенім бар ма? | 4 |
| Осы сала күнен күнге дамып келе жатыр ма? | 4 |
| Сіз осы салада экспертпін деп айта аласыз ба? | 5 |
| Көрсететін қызметіңіз тұтынушылардың сынына төтеп берген бе? Тұтынушылардың Тексеруінен өткен бе? | 4 |
| Сіздің қызметіңіз бәсекелестердің қызметінен қолдану және сапа жағынан ерекшеліктері бар ма? | 3 |
| Конкуренттерден 20% және одан да көп төмен баға бере аласыз ба? | 3 |
| Бұл салада үлкен конкурент компаниялар жоқ па? | 4 |
| Сіздің бизнеске кіру барьері, табалдырығы, кедергісі жоғары ма? ( Ерекше мамандар, ерекше қондырғылар) | 4 |
| Сіздің қызметіңізді бастап кету үшін үлкен офис, ғимараттар жалға алып , болмаса салып керегі жоқ па? | 3 |
| Көздейтін аудитория әйелдер ме? | 3 |
| Ие деп жауап берген сұрақтардың балдарының жиындығы | 55 |
| 0 ден 20 бал нашар | |
| 20-30 орташа | |
| 30-55 жақсы | |

# САЛА ТЕКСЕРУ КЕСТЕСІ (ЧЕК ЛИСТ) ӨНДІРІС

| Критерии: Егер сұраққа ие деп жауап берсеңіз, сол жақтағы бағанаға оң жақтағы бағанадағы балды көшіріп жазыңыз | ҰПАЙ |
|---|---|
| Орташа чек 5 000- 30 000 болады ма? | 5 |
| Маржа 100 % және одан да жоғары ма? | 5 |
| Товарды адамдар қайта қайта сатып алады ма? | 4 |
| Товарыңыз осы кезге дейін сіз шығайын деп отырған нарықта жоқ товар ма? | 5 |
| Сіздің өндірген затты ғаламтор арқылы сатуға болады ма? Сіздің өндірген затыңызды интернет арқылы сатып алатынына сенімдісіз бе? | 4 |
| Товарды он лайн сатуға қолайлы ма? Елдер он лайн ғаламтор сатып алатынына сенім бар ма? | 3 |
| Осы сала күнен күнге дамып келе жатыр ма? | 4 |
| Сіз осы салада экспертпін деп айта аласыз ба? | 5 |
| Таңдаған товарыңыз тұтынушылардың сынына төтеп берген бе? Тұтынушылардың Тексеруінен өткен бе? | 4 |
| Сіздің товар бәсекелестердің товарынан қолдану және сапа жағынан ерекшеліктері бар ма? | 3 |
| Конкуренттерден 20% және одан да көп төмен баға бере аласыз ба? | 4 |
| Бұл салада үлкен конкурент компаниялар жоқ па? | 4 |
| Сіздің өндіріске керек шикізаттың кем дегенде 70% ын Қазақстанда сатып ала аласыз және олар Қазақстанда өндіріледі ме? | 4 |

# САЛА ТЕКСЕРУ КЕСТЕСІ (ЧЕК ЛИСТ) ӨНДІРІС

| | |
|---|---|
| Сіздің өндірісіңізге керекті шикізатты кез келген уақытта, кез келген көлемде сатып ауға болады ма? | 5 |
| Сіз өндірген затыңызды тұтынушыға тікелей делдалсыз сата аласыз ба? | 4 |
| Сіздің өндірген затыңыз ғаламдық бәсекелеске түспейді ме? | 5 |
| Өндіріс өнімділігі алдағы 1 жыл ішінде әлемдік деңгейге жете алады ма? | 3 |
| Сіздің таңдап алған салаңыз жыл сайын тұтынушылары өсіп келе жатқан сала ма? | 4 |
| Сіз өндіріс жасау үшін керекті инфроқұрылым (Түрлі қондырғылар, керекті шикізаттар мен жартылай шикізаттар, мамандар, қондырғаларды жөндейтін цехтар мен мамандар, өнім өндіруге қажет басқа да заттар мен қосалқы бөлшектер) Қазақстанда бар ма? | 5 |
| Алдағы бір жылды сіз әлемдік деңгейдегі сапаға жете аласыз ба? | 4 |
| Сіздің бизнеске кіру барьері, табалдырығы, кедергісі жоғары ма ( Ерекше мамандар, ерекше қондырғылар) | 4 |
| Сіздің өндірісті бастап кету үшін үлкен өндіріс цехтарын жалға алып , болмаса салып керегі жоқ па? | 4 |
| Көздейтін аудитория әйелдер ме? | 3 |
| Ие деп жауап берген сұрақтардың балдарының жиындығы | 95 |
| 0 ден 30 бал нашар | |
| 30-50 орташа | |
| 50-80 жақсы | |
| 80-95 бал тамаша | |

# САЛА ТЕКСЕРУ КЕСТЕСІ (ЧЕК ЛИСТ) САУДА

| Критерии: Егер сұраққа ие деп жауап берсеңіз, сол жақтағы бағанаға оң жақтағы бағанадағы балды көшіріп жазыңыз | Ұпай |
|---|---|
| Орташа чек 5 000- 30 000 болады ма? | 5 |
| Үстеме баға 100 % және одан да жоғары ма? | 5 |
| Затты Казпочта арқылы жіберуге болады ма? | 3 |
| Товарды адамдар қайта қайта сатып алады ма? | 3 |
| Товарыңыз осы кезге дейін сіз шығайын деп отырған нарықта жоқ товар жоқ па? | 3 |
| Товарды он лайн сатуға қолайлы ма? | 4 |
| Осы сала күнен күнге дамып келе жатыр ма? | 4 |
| Сіз осы салада экспертпін деп айта аласыз ба? | 5 |
| Таңдаған товарыңыз тұтынушылардың сынына төтеп берген бе? Тұтынушылардың Тексеруінен өткен бе? | 4 |
| Сіздің товар бәсекелестердің товарынан қолдану және сапа жағынан ерекшеліктері бар ма? | 3 |
| Конкуренттерден 20% және одан да көп төмен баға бере аласыз ба? | 3 |
| Товарды оф лайн сатып алу қиын ба? | 3 |
| Бұл салада үлкен конкурент компаниялар жоқ па? | 4 |
| Орташа салмағы 5 кг нан кем бе? | 3 |
| Көздейтін аудитория әйелдер ме? | 3 |
| Ие деп жауап берген сұрақтардың балдарының жиындығы | 55 |
| 0 ден 20 бал нашар | |
| 20-35 орташа | |
| 35-55 бал жақсы | |

# ЧЕК ЛИСТ - ТОП. ҚЫЗМЕТ+ ӨНДІРІС

| ЧЕК ЛИСТ - ТОП | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| САЛА | ӨЗІНДІК ҚҰНЫ | Үстеме баға Наценка | % | ЭКСПЕРТНОСТЬ | 1 | 2 | 10 | ОРТА БАҒА |
| БАЛА ОҚЫТУ | 45000 | 30000 | 66,666667 | 3 | 5 | 10 | 2 | 5 |
| ТОРТ ПЫСЫРУ | 3000 | 3000 | 100 | 10 | 10 | 7 | 10 | 9,25 |
| ЖИХАЗ ЖАСАУ | 25000 | 35000 | 140 | 9 | 4 | 5 | 6 | 6 |

# ЧЕК ЛИСТ - ТОП. САУДА

| ЧЕК ЛИСТ - ГРУППА | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЗАТ | Қазақстанға келу бағасы | OIL бағасы | Наценка | % | ЭКСПЕРТНОСТЬ | 1 | 2 | 10 | ОРТА БАҒА |
| Мейзу сот телефон | 45000 | 60000 | 15000 | 33,33 | 3 | 5 | 10 | 2 | 5 |
| Кроссовки | 4500 | 12000 | 7500 | 166,7 | 10 | 10 | 7 | 10 | 9,25 |
| ЖПС сағат | 6000 | 15000 | 9000 | 150 | 5 | 4 | 5 | 6 | 5 |
| | | | | | | | | | |

# ЕРІК ЖІГЕР ЖЕТІЛДІРУ

- КҮНДЕЛІКТІ АФФИРМАЦИЯЛАР ТЫҢДАУ
- ЕРІК ЖІГЕР САБАҚТАРЫН КӨРУ-ҚОЛДАНУ

# ҚЫТАЙМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ШАРТЫ

- АРЗАННЫҢ ЖІЛІГІ ТАТЫМАЙДЫ
- ҚЫТАЙМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ МАШАҚАТЫ
- КЕЛІСІМ ШАРТ
- ЗАТҚА ТАПСЫРЫС БЕРУ ЖҮЙЕСІ (ҮЛГІ АЛДЫРУ. ТӘУЕКЕЛ)
- ЗАТТЫҢ ЖОЛЫН БАҚЫЛАП ОТЫРУ

# ҮЙ ЖҰМЫСЫ- 1 АПТА

2 АЙҒА МАҚСАТЫ
Етек. Жота. Тау. Сөздің құны
ЕТЕК
Қазір жихаз жасап айына 300 000 теңге таза пайда тауып жүрмін
ЖОТА- 500 000. ТАУ-700 000
Жету жолдары:
П-20000. С-25. Ж=П*С. 20 000*25=500 000

- Интернетке жарнаманы күшейтемін
- Аптасына 10 кездесу жасаймын
- Қымбаттау жихаздар жасаймын
- Қосымша тармақтар табамын
- Сөзімнің құны -100 000 теңге, Мирасқа беремін (Ит)

# ҮЙ ЖҰМЫСЫ- 1 АПТА

2 АЙҒА МАҚСАТЫ
Етек. Жота. Тау. Сөздің құны
ЕТЕК-Қазіргі табысым -0
ЖОТА- 200 000. ТАУ-300 000
П-7000. С-30. Ж=П*С. 7 000*30=210 000
Жету жолдары:

- Жақсы сатылатын зат таңдап аламын
- Сауда алаңдарына жарнама беремін
- Басқа қалалардан серіктес табамын
- Базардан алып сатамын
- Сөзімнің құны -30 000 теңге.Бұрынғы бастығыма (Жауыз)

# ЖАУАПКЕРШІЛІК

**БЕЙМАРАЛДАР МЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛАР ШЕГІРТКЕЛЕР МЕН ҚҰМЫРСҚАЛАР**

- **1 РЕТ: Ескерту**
- **2-РЕТ: Алаш орденінің орнына Шегіртке, Қара жүрек орденімен марапаттау. ВК дағы топта жариялау**
- **3-РЕТ:Бизнес Бастау сайтына жариялау**

# ҮЙ ЖҰМЫСЫН ОРЫНДАМАҒАН АДАМ ЖАЛҚАУ, ЯҒНИ:

Қорқақ
Қайратсыз
Мақтаншақ
Ақылсыз
Надан
Арсыз
Сұрамсақ
Тойымсыз
Өнерсіз
Ешкімге достығы жоқ жан

**МЕН ЖАЛҚАУ ЕМЕСПІН**

# Мен АНТ БЕРЕМІН:

- **Әр минутымды:** Пайдалы өткіземін
- **Күн сайын:** Жаңа білім, жаңа машық
- **Алған жолдан:** Кайтпаймын
- **Қайткенде:** Табыс табамын
- **Өзімді:** Дамытамын,
- **Маңайымды:** Дамытамын,
- **Елімді:** Дамытамын
- **Адам жасағанды:** Адам жасайды